

Р 2008

756 K

0

HER



PIPIPIPI



ӨНЕР АЛДЫ

Құрастырғандар:
Ө. Айтбаев, Н. Уәлиев.

«ЖАЛЫН» БАСПАСЫ

Алматы — 1978

4 Қаз
Ө 48

О 48 Өнер алды. /Құрастырғандар: Ө. Айтбаев, Н. Уәлиев.— Алматы: «Жалын», 1978.— 80 бет.

4 Қаз

Ежелден сөз қадірін, тіл қуатын айрықша жоғары бағалаған дана халқымыз «Өнер алды — қызыл тіл» деп тауып айтқан.

Бұл кітапқа марксизм-ленинизм классиктерінің, ғылым мен әдебиет қайраткерлерінің сөз табиғаты, шешендік өнері, тіл ұстарту сырлары хақындағы ойлары, сонымен қатар халықтың сөз өнері жөніндегі мақал-мәтелдері жинақталған.

Жинақ жас насихатшыларға, қалың оқырман қауымға арналған.

С $\frac{70303-270}{408(07)78}$ 34-78

«Жалын» баспасы — 1978 ж.



ӨНЕР АЛДЫ

Сөйлер сөзге, тілге адамзат сонау көне дәуірдің өзінде-ақ ерекше мән берген. Ғасырдан ғасырға жетіп, бірден-бірге ұласып жатқан ел аузындағы небір ғажайып аңыз әңгімелер, көне мақал-мәтелдер, жазба деректер осының айғағы тәрізді. Қай халықтың тарихына үңілсеңіз де, өнер алды саналатын қызыл тілге, шешендік өнерге байланысты небір керемет асыл сөздерді таба-сыз. Табасыз да сүйсінесіз. Күнделікті өміріңіз бен тірлігіңізді түрлендіре түсетін, тауқымет татын сәл де болса кетіре, жеңілдете түсетін мұндай тәрбиелі сөздерді өне бойы өмір серік етіп алатыныңыз осыдан. Алайда өнегелік мәні өзгеше осы тақылетті нақыл, ғақлияларды қадірлей, қастерлей білгенмен, бұлардың табиғи сыры, ішкі мән, мүмкіндігі, тіпті шығу, жасалу жайы көбінесе беймағлұм болып келгені мәлім. Қаншасын қайталап айтып қажетімізге жаратып жатсақ та, талай сыр бізге әлі жұмбақ.

...Қоғамның дамуына орай ғылымның өзге салаларымен қабат, тіл білімінің де жекелеген мәселелері тереңірек зерттеліп, талдана бастады. Бұл жайындағы талдау, топшылаулардың бәріне негіз болып, сарамандық жасаған марксизм-ленинизм ілімі. Әсіресе, тілдің пайда болуын адам, қоғам, еңбекке байланыстыра ашуы бұл процестің диалектикалық болмысына айқындық кіргізді. Тілсіз — қоғам жоқ, қоғамсыз — тіл жоқ. Бұл екі нәрсе бірінсіз-бірі өмір сүре алмақ емес. Марксизм-

ленинизм классиктері ашып отырған ақиқаттың мәні осынысында. Өйткені тілсіз қоғам ешқандай прогреске жете алмайды. Ал қоғамдағы өзгеріс, оқиғасыз тілдің табиғатында да даму бола қоюы қиын. Яғни бұлар біріне-бірі тікелей байланысты. Адам қатынасының маңызды құралы тіл дейтін қағида осындай заңдылықтардан барып туған.

Сөз өнерін қай халық болмасын жоғары бағалаған дедік. Мұнымыз көптеген халықтың мақал-мәтел, нақыл, ақыл сөздері жайындағы пікірлерді саралап шыққаннан кейін келген түйін.

Ақындық — табиғаттың туа бітті сыйы болса, шешендік — жүре бітті қасиет екені де ертеден ұғынықты болған. Антик дәуірінің кейбір шешендері дауысын мәнерлеуге, сөз сарасын салмақтауға теңіз жағалай жүріп жаттыққан екен. Ертедегі Афина, Рим шешендері қарумен емес, сөз құдіретімен ұлы империяларды «жаулап» алған. Шешендік өнердің шам-шырағы атанған олар риторика арқылы ғылыми логиканың, этиканың, философияның алғашқы әліппесін қалдырды. Заманына қарай шешендік өнер бірде саясат пен биліктің қаруы болса, бірде өмір шындығынан алшақтап, сәндік пен салтанатқа, мадақ пен мақтанға қызмет еткен. Орта ғасырда дін мен шіркеудің билігіне орай пайда болған гомилетика¹ шешендік өнерді мүлдем ығыстырып тастады. XV ғасырда гуманистік ағымның пайда болуы шешендік өнерді қайта жандандырды².

Шешендік өнердің әр тілде өзіндік орны, өзгеше тарихы бар. Бұл өнердің заман ағымына орай тәсіл-әдістері де өзгеше болып отырады. Мәселен, М. В. Ломоносов шешендіктің бұрынғыдан қалған жаттанды үлгісіне көзсіз еліктеуден сақтандырады.

Көптеген зерттеушілер қазақ халқының шешендік

¹ Гомилетика — дін мен шіркеуді уағыздайтын ілім.

² «Об ораторском искусстве». М. 1973.

өнерін жоғары бағалаған. Жер дауы, жесір дауы, күн дауы тәрізді шешімі қиын тұста айыр көмей, жез тандай шешендер билік айтып, бітім тапқан. Сондықтан да қазақ өмірінде шешендіктің әлеуметтік салмағы басым болды. Халықтың жақ айырып сөз шығады; шаршы топта сөз бастау — қиынның қиыны, деуі де тегін айтылмаған. Кей шешен сұлу сөйлеп, тыңдаушысын сүттей ұйытып, жиын-тойдың көркі болған. Бір кезде қазақ даласының қонағы болған поляк публицисі А. Янушкевич қазақ шешендерін «дала демосфендері» деп атаған еді. Шешен қанша беделді сөз бедерлесе де, айтқаны өмір шындығынаң алшақ кетсе, оның сөз сайысында тізе бүгіп, жұрт күлкісіне ұшырайтындары да болған. Ғ. Мүсіреповтің «Ұлпан» повесінде Тілеуімбет пен Есней бидің айтысы осыны еске түсіреді... «Тай... жүзген қара саба, тайқазан дегендер ендігі заманда бос сөздер. Нанмен ойнамайық. Нан әр қазақтың күн көрісіне айналды. Қара сабасы бар, тайқазаны бар хандар қай қазақты асырап еді. Ханның қазанын да, сабасын да қазақ толтырып отыратын. Қайқайтып хаң сайлаған хандығын қай жерге құрмақ, Бетпақтың шөліңе ме?..» — деп замана тынысын тамыршыдай дәл басқан Есней, орағытып, оспақтап, мақалдап, мәтелдеп отырған Тілеуімбет биді мүлде тұқыртып тастайды. Шешендіктің өміршендігі де осындай шындыққа жанасқан қарапайымдылығы мен дәлдігінде.

Советтік дәуірдегі шешендік өнердің өзіндік дәстүрі, айшықты үлгісі бар.

«Әрбір насихатшының және әрбір үгітшінің шеберлігінің өзі де сонда, сол өзі сөйлеп тұрған аудиторияға барынша ықпал жасай білуде, ол үшін белгілі ақиқатты мүмкіндігінше неғұрлым дәлелді, мүмкіндігінше оңай түсінілетін, мүмкіндігінше көрнекті және есте берік қалатын ете білуде»¹, — дейді В. И. Ленин.

¹ В. И. Ленин. Шығармаларының толық жинағы. Алматы, 1977
21 т., 24-бет.

Кызыл трибундар — М. И. Калинин, С. М. Киров, А. М. Горький, Н. К. Крупская, Е. Ярославский, т. б. үгіт-насихат жүргізуде асқан білімдарлық көрсете отырып, өрнекті сөз орамдарын шебер пайдаланған.

Маркстік-лениндік идеология майданында жас насихатшылар, үгітшілер, саяси хабаршылар қатары молайып келеді. «Комсомолдың негізгі міндеті — жастарды коммунистік идеялық, советтік патриотизм, интернационализм, жоғары ұйымшылдық пен тәртіптілік рухында тәрбиелеу, жастар арасында социалистік құрылыстың жетістіктері мен артықшылықтарын белсенді түрде насихаттау, әрбір жас адамның жаңа қоғамның нағыз құрылысшысы болуына күш салу», — делінген КПСС XXIV съезінің қарарында.

✓ Міне, мұндай абыройлы міндетте жалынды үгіт жаршыларының қосар үлесі мол. Олар, әрине, олақтыққа ұрынбай, тартымды, әсерлі, тілмен сөйлеуге тиіс. Қанша білімді болғанмен, нанымды, айқын, тапқыр сөйлеу тіл ұстартуға байланысты. Жас насихатшы үшін шешендік өнердің шыңдалу мектебі, әрине жиын ортасы, көптің алды. Қазіргі кезде насихатшының тіл шеберлігін арттыруға мүмкіндігі мол. Қай ортада болсын шебер насихатшыны көпшілік жылы қабылдап, жылы шырай білдіреді. Олардың аудиториясы да жылдан-жылға кеңейе түсуде. Осыған орай жас насихатшы сөзге төселіп, әрдайым тіл ұстартып отыруы керек. Алайда, тілді үйреніп болдым деп әлі ешкім айтпаған. Антик философтары тілді бесіктегі деміңнен, соңғы деміңе дейін үйренсең де аз деген екен. Өйткені тілдік амалдар санаулы болғанымен, мүмкіндігі шексіз. Бірақ соны аңғармаған адам әсерлі сөйлеймін деп, әсіреқызыл сөйлеп, қарапайым айтамын деп, қарабайыр айтуы да мүмкін.

Өмірдің ұлы қаруы — тіл туралы марксизм-ленинизм классиктерінің қағидаларына насихатшылардың жиі үңілері сөзсіз. Тіл туралы, сөз құдіреті жайында көркемсөз зергерлерінің толғамдарының да, ғалымдар пікірінің де,

насихатшы үшін ықпал, әсері айрықша. Тіл туралы халық мақал-мәтелдерінің, қанатты сөз орамдарының орны да ерекше. Халық даналығының тіл, сөз өнері жайында берер тәлімі зор. Оны бойына дарыта білген адам өзгеге де үлгі-өнеге бола алады. Осындай сарқылмас бұлақтан нәр ала отырып, жас насихатшы тіл мәдениетіне, сөз шеберлігіне төселеді. Тіл шеберлігі — мәдениеттіліктің аса үлкен компоненті. Ондай қасиетке ие адамдар әрқашан тыңдаушысын ұйытарлықтай әсерлі сөйлейді.

Қазақ тіл мәдениетін көптен бері зерттеп жүрген ғалым, профессор М. Балақаев тілге шешен, жоғары мәдениет, биік парасат иелерін жас буынға әрдайым үлгі-өнеге етіп отырады: «Біз білетін қадірмен, даңқты көп азаматтардың өзгелерден жақсы қасиеттерінің бірі басқаға қарап сөйлеу мәдениетінде болатын. Осыны айтқанда қазақ интеллигенттерінің өнегелі кісілері, алдымен К. И. Сәтбаев, М. О. Әуезов, Т. Тәжібаев көз алдыма елестейді. Олар әрқашан жайдары, жайсаң, жылы лебізбен сөйлейтін еді»¹.

Қазіргі жас қауымның өмірден оқыр осындай өнеге мектебі бар. Одан тәлім-тәрбие көрген насихатшы — өз қатарының үлгілісі, озық ойлысы.

Әрине, насихатшы өз шеберлігін бет алды, қалай болса солай жетілдірмейді. Алдымен теориялық танымын тереңдетеді. Ондай насихатшы үшін оған қосымша хрестоматиялық сипаттағы жинақтың да әр уақыт қажет болатындығы да белгілі. Партиямыз бен үкіметіміздің қаулы, қарарларын халық көкейіне дер кезінде жеткізудегі шешендік өнердің ролін ескере отырып, біз осы шағын кітапшаны жұрт назарына ұсынып отырмыз. Мұнда тіл жайында марксизм-ленинизм классиктерінің қағидалары, орыс және қазақ жазушылары мен оқымыстыларының өнегелі сөздері берілді. Сондай-ақ Бұхар, Сүйінбай, Абай, Қашаған, Ақтан, Жамбыл, Кенен, Біржан, Балуан

¹ М. Балақаев. Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері. 1965, 9-бет.

Шолақ тәрізді сан алуан тарлан ақын-жазушыларымыздың шешендіктің үлгісін танытатын толғау, топшылаулары бар. Ал Махмуд Қашғари, Әбу Шүкір Қаһани, Хафиз, Сарай тәрізді шығыс ғұламаларының айтқандары өз алдына бір төбе. Сонымен бірге жинаққа «Ана тілін ардақтайық» деген бөлім енгізіп отырмыз. Мұның себебі советтік өміріміздің өркен жаюына орай ана тілінің қадір-қасиетін әйгілей түсетін, бүгінгі қызметін танытатын өлеңдер молайды. Ақындарымыздың ана тіліне арналған өлеңдерінің ең шұрайлысын іріктеп, оқырманға ұсынуды жөн көрдік. Насихатшыларға мұның да едәуір септігі тиері сөзсіз. Ондаған мақал-мәтелдер мен бірнәрсен аңыз әңгімелерді де жинап, теріп, жұртшылыққа ұсындық. Сөз соңында айтарымыз, бұл мақсаттағы алғашқы әрекетіміз көпшілік көкейінен шыға ма, жоқ па, ендігі әңгіме оқырманның өзінде.





ӨМІРДІҢ ҰЛЫ ҚАРУЫ

36 статья. Нәсілі мен ұлты әр түрлі СССР азаматтары тең праволы.

Бұл праволардың жүзеге асырылуы СССР-дегі барлық ұлттар мен халықтарды жан-жақты дамыту мен жақындастыру саясаты арқылы, азаматтарды советтік патриотизм мен социалистік интернационализм рухында тәрбиелеу арқылы, ана тілін және СССР-дегі басқа халықтардың тілдерін пайдалану мүмкіндігі арқылы қамтамасыз етіледі.

*Советтік Социалистік Республикалар
Одағының Конституциясы*

Тіл — ойдың тікелей әрекеті.

К. Маркс.

Тіл — адам қатынасының аса маңызды құралы.

В. И. Ленин.

«Рух» әуел бастан материя «ауыртпалығынан» тыс бола алмау қарғысына ұшыраған, бұл жерде материя ауаның, дыбыстардың қозғалушы қабаттары түрінде, бір сөзбен айтқанда, тіл түрінде әрекет етіледі. Сана сияқты тіл де ежелден бар, тіл дегеніміз басқа адамдар үшін де, өмір сүретін практикалық, шын мәніндегі сана болып

табылады және сана сияқты тіл де тек басқа адамдармен қатынас жасау қажеттігінен, аса қажеттіктен туады.

К. Маркс.

..Қысқа тұжырымды айтылған сөздер бір ұғылғаннан кейін көңілге әбден ұялап, ұран бола бастайды, ал көп сөзді пайымдаулар еш уақытта да мұндай ұран бола алмайды.

К. Маркс, Ф. Энгельс.

Тургеневтің, Толстойдың, Добролюбовтың, Чернышевскийдің тілі ұлы және күшті тіл... Біз Россияны мекендеп отырған қандай да болсын барлық ұлттардың езілген таптарының арасында мүмкіндігінше неғұрлым тығыз қатынас және туысқандық бірлік орнауын... тілейміз. Сондықтан біз, әлбетте, Россияда тұрушы әрбір адамның ұлы орыс тілін үйренуге мүмкіндік алуын жақтаймыз.

В. И. Ленин.

Ана тілінің материясы мен формасы түсінікті болғанда, оның пайда болуы мен бірте-бірте дамуы зерттеліп отырғанда ғана түсінікті болады, ал егер, біріншіден, ана тілінің өзінің өшкен формаларын және екіншіден, түбірлес тірі және өлі тілдерді назарсыз қалдыратын болсақ, әлгілердің түсінікті болуы мүмкін емес.

Ф. Энгельс.

Мейлінше қиын құбылыстардың мәнін ғажап түрде дәл білдіретін бейнелі сөздер болады.

В. И. Ленин.

Бұқара алдында сөз сөйлегенде ол (В. И. Ленин) әрдайым тыңдаушыға бейімделетін. Ильич әрдайым жиналған жұрттың ниетін байқай білетін, тыңдаушылар-

дың тілегін орындап, көмескі мәселелер жайында жауап беріп, жұртты ұйыта білетін.

Н. Крупская.

Ана тілін үйрену — бұл ұлы іс... әркім өз тілімен сөйлеуге, анасынан туа үйренген тілмен сөйлеуге тырысуы керек. Ең жақсы тіл — ана тілі.

М. И. Калинин.

Совет Одағын мекендеген барлық ұлттар мен халықтар өзінің ерекшеліктерін, ұлттық сипатын, тілін, ең жақсы дәстүрлерін сақтап отыр. Өзінің ұлттық мәдениетін бұрынғыдан да гүлдендіру үшін олардың барлық мүмкіндіктері бар.

Л. И. Брежнев.

Тіл де мәдениетпен қатар өркендейді.

А. Н. Толстой.

Тіл байлығы — ой байлығы.

Н. М. Карамзин.

Ойың бұрыс болса, сөзің бұрыс, олай болса ісіңнің несі дұрыс.

Д. И. Писарев

Сөз — ойдың көрінісі: ой бұлдыр болса, сөз де бұлдыр.

В. Г. Белинский.

Сөз — ұлы құдірет, ұлылығы — сөзбен адамдарды табыстыруға болады.

Л. Толстой.

Сөз өнері — өнер атаулының ең қиыны мен күрделісі.

О. Бальзак.

Сөз өнерінің сұлулығынан халықтың жан сұлулығы туындайды.

К. Д. Ушинский.

Туған елдің тағдыры не болар деп қайғырып, шерге бөккен, ет-жүрек қан жылаған шақтарда; уайым-күдік молығып, қапалы жүрек долығып, қақ айрылған шақтарда, уа ұлағатты, құдіретті, адал, дарқан орыс тілі,— сен ғанасың серігім, сен ғанасың тірегім! Сен болмасаң, іш құсама жалғыз ем, ел халінің сыйқы анау,— мен түңілмей қайтер ем?

Жә, тегінде, осындай тіл осал елге бітер ме? Жок, әзелде тілі зордың — елі зор, осы сынды асыл тілді абзал халық болмас қор!¹

И. С. Тургенев.

Сөз — өмірдің ұлы қаруы.

В. Короленко.

Егер сөз айтқың келсе, сол сөздің мәнін минут сайын ақылыңа сал.

И. Павлов.

Тіл тазалығы үшін, мағына дәлдігі үшін, тіл өткірлігі үшін күрес — мәдениет құралы үшін күрес.

М. Горький.

Сөз көмескілігі — ой-пікір көмескілігінің айнымас белгісі.

Л. Н. Толстой.

...Тілді жасау мүмкін емес, өйткені оны халық туғызады, филологтар тек оның зандарын ашып, жүйеге кел-

¹ I. Жарылғаповтың аудармасынан.

тіреді, ал жазушылар тек осы заңдарға сәйкес сол тілде өз өнерін ұштайды.

В. Г. Белинский.

Тіл неғұрлым қарапайым, неғұрлым бейнелі келсе, сізді жұрт соғұрлым жақсы түсінетін болады.

М. Горький.

Тілді жасайтын халық. Тілді халық тіліне және әдебиет тіліне бөлу — біреуінің «шикі тіл» екенін, екіншісінің шеберлердің өңдеуінен өткенін ғана көрсетеді.

М. Горький.





БІЛІМДІДЕН ШЫҚҚАН СӨЗ

...Қазақ әдебиеті тілінің Абайдан кейін өсіп-өнген кезеңдерін, жолдарын, бүгінгі жеткен шамасын алып сөз қозғағанда, қазақ әдебиеті тілінің шынайы қалыптасқан, халық әдебиеті тілі болған дәуірі қайсы десек, ол, әрине, социалистік революцияның дәуірі — біздің анық халықтық совет әдебиетіміздің туып, өсіп, дамып келе жатқан дәуірі.

М. Әуезов.

Қай халықтың болса да қоғамдық өсу-өркендеу жолында көтеріле алған биігі мәңгілік болып ана тілінде сақталып отырады. Қай халықтың болса да ақыл-ой тереңдігі, сана-сезім сергектігі көп салалармен тармақтана-молыға келіп, тағы да сол ана тілінің алтын қорына қосыла береді, ажарлана береді. Қай халықтың болса да басынан өткен дәуірлері, қилы-қилы кезеңдері ана тілінде із қалдырмай өте алмайды. Ана тілі ғасырлар бойында жасала да береді, жасара да береді. Тіл диалектикасы — жасаған сайын жасара беруінде. Ана тілі дегеніміз — сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі. Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана аяққа басады.

Ғ. Мүсірепов.

Ысылмаған ауыздан кедір-бұдыр сөз шығады.

Ғ. Мұстафин.

Тіл — аса қадірлеп ұстайтын байлығымыз.

Ғ. Мүсірепов.

Абай өзіндік көркем шығармаларын жазғанда, халқының өз тілімен жазды. Бар қасиетті, қадірлі нәрді, ажар кестені толық сыпатты өз халқының тілінен табады.

М. Әуезов.

Қай халықтың тілі неғұрлым бай болса, өзге тілдермен араласуы да соғұрлым басымырақ келеді.

С. Мұқанов.

Ана тіліміз барлық еркелігімізді көтере береді деп не жер баса алмай, не көкке ұша алмай қалғандарымыз да жолығады. Ана тілін құрметтемеу — ештемені сыйламау деген сөз. Жастар мұны қатты ескеруі керек. Жастар — біздің болашағымыз. Қатты айтып отырғанымыз сондықтан.

Ғ. Мүсірепов.

...Жоғалып, өшіп кеткен тілдердің қайта тіріліп келмейтіндігі белгілі. Жаңадан тіл пайда болмайды. Тілдердің пайда болу дәуірі біткен. Сондықтан қазіргі барымызды мәпелей білуіміз керек.

Ш. Айтматов.

Тілден биік асқар жоқ,
Тілден асқан байлық жоқ,
Тілден терең теңіз жоқ.

Ғ. Мүсірепов.

Ана тілін құрметтей білуді насихаттау — басты міндеттердің бірі болуға тиісті. Ғылым мен техниканың, мә-

деннет пен әдебиеттің табыстарын білу құралы, өмірдің әр саласын тани білу құралы, ой мен пікірді білдіретін қарым-қатынас құралы бола алатын ана тілімізді сүйе білудің айрықша мәнін түсіндіріп отыру қажет. Ана тілін ардақтау өзге тілді елемей деген сөз емес. Бұларды бір-біріне қарсы қоюдың зиянын оқытушыларға да, оқушыларға да уағыздап отыру тиімді. Мұның интернационалдық мәні зор екендігі түсінікті де.

І. Кеңесбаев.

Дүниеде сөздің дертінен өткен ауыр дерт жоқ, сөздің шарапатынан дауалы шарапат жоқ, сөз тұрлаусыздыққа емес — баяндылыққа, өлімге емес — өмірге қызмет етеді!

І. Омаров.

Қазақтың қара сөзінде көп мән жатыр. Күн шалмайтын қараңғы көңілді сөз шалады. Ендеше, соншалық қуатты да киелі қаруды қалай болса солай қолдануға болмайды.

Ғ. Мұстафин.

Халық арасында не бір жаңа сөз, жаңа ұғымдар туып жатады, бұл — табиғи процесс. Солардың шала туғандары өліп, мезгілін біліп туған өміршеңдері қанаттанып, азаматтық сөздер қатарына қосылады. Құдайға шүкір, сөздік қоры жағынан қазақ тілі ешкімнен кем де, кедей де емес, әдебиетіміздің қаулап өсуінің бір себебі осында жатқан сияқты.

М. Әуезов.

...Тіл — кәрі тарихтың айғағы. Есте жоқ ескі, көне заманнан мызғымастан келе жатқан әр қилы сандаған сөздер, тұлғалар да, әр дәуірге сай қат-қабаттаса жалғасқан үстемеле элементтер де, көрші елдерден ауысқан сөздер де кездесіп отырады.

І. Кеңесбаев.

Тіл мәдениеті дегеніміз — сөйлеудегі, жазудағы сыпайылық, ізеттілік қана емес, сонымен қатар айқын ойлылық, сөзді дәл айту шеберлігі, сөйлеу өнеріне шыныққандық, сауаттылық.

М. Балақаев.

Біздің тұрмыста сөзден қартаймас не бар екен. Адам адам болғалы талай ғасыр өтіп, талай өмір сарқылса да, ұзақ жасап келеді. Ол ескі заман мен жаңа заманды жалғастырып, бізге жетті. Бізбен келешекті жалғастырып, коммунизм дүниесіне жетеді.

Адам сияқты сөзде де алуан тағдыр бар. Ол да баста сәби боп туады, ер жетеді, қартайды, кейде қартайып барып қайта жасарады, кейде тұрмыста болған өзгеріске ілесе алмай кейін бірте-бірте солғындап, қажанда қалып, жаңа сөзге жол береді немесе тың мағына тауып, жаңғырып, жаңаша ұғымға ие болады.

М. Иманжанов.

Тілімізде жаман сөз жоқ, кінә — сөзді орнына қолдана білмейтіндердің өзінде, әр сөзге сөйлемдегі өзінің таңдаулы, талғаулы орындарын дұрыс тауып бере білсе, жай сөздің өзі де поэтик тілдің ролін атқарады...

Қ. Жұмалиев.

Сөз — халықтың қымбаттан қымбат кені.

С. Мұқанов.

Ана сүті баланың қанына тарап, ана сөзі баланың сезімін оятады.

Бара-бара баланың тілі шығып, ата-ананың, семьяның, бүкіл халықтың дәстүрімен емін-еркін сөйлейтін болады. Сүтпен еніп, миға сіңген сол тіл есейген адамның саналы өмірінің аса керекті рухани байлығы, адамның адамдық белгілерінің бірі болып табылады.

М. Балақаев.

Қазақтардың тілі әуезді де әсем, шебер де шешен, әсіресе, сөз сайысына келгенде олардың алғырлығы мен өткірлігі, тауып сөйлейтін тапқырлығы таң қалдырады.

*В. В. Радлов (1837—1918,
Шығыс зерттеушісі, академик).*

Шын білім беретін, пайдалы мәліметтер беретін, ғылымның күрделі оқу құралдарына жол салып беретін... өзімізге ең жақын орыс тілі.

Ы. Алтынсарин.

Қазақ тілі, зерттеушілердің барлығы да бір ауыздан бұл тілді ең бай, ең таза түркі тілдерінің бірі деп таниды.

*П. М. Мелиоранский (1868—1906,
Шығыс зерттеушісі, проф).*

Ертедегі түркілер тұрмысының көптеген іздерін өзінде сақтап қалған қазақ тілін мен ерекше ұнаттым. Қазақ даласы менің халық тіліне деген сүйіспеншілігімді мүлде қалыптастырды, оған мен тілдік зерттеу үшін нағыз таптырмайтын документ ретінде қарай бастадым.

*Н. И. Ильминский (1822—1892,
Қазан университеті, проф).*

Қазақтардың тілі — исламның бүлдіргіштік әсеріне ұшырамай, түпкі таза түрін — түркі сипатын сақтап қалған тіл. Рас, мұнда да бірен-саран жат сөздердің енгені байқалады. Бірақ ол сөздер... қазақ тілінің үндестік заңына бағынып, бірыңғай халық тілінің қорына қосылған. Қазақ тілінің осы тазалығы мен табиғилығы, сондай-ақ көп таралғандығы бұл тілдегі мұраларды менің көбірек жинап, оған әдебиет нұсқаларынан құрастырған жинақтардың толық бір томын арнауыма себеп болды. Оның үстіне қазақтың басқа бауырластарына қарағанда сөзге тапқырлығы мен шешендігі де маған әсер етті.

В. В. Радлов.

Ғылыми, әдеби, тілдік және тарихи тұрғыдан қарағанда қазақ тілі түркі тілдерінің ішіндегі өте әсем, өте бай тілдің бірі.

И. Бенцинг (тюрколог).

Қазақтардың ақыл-ой қабілетінің зорлығына барған сайын менің көзім жетуде. Қандай әсем сөйлейді! Кез келгені айтайын дегенін тез түсіндіре, қарсыласының сөзіне шебер тойтарыс бере біледі. Тіпті балаларының ақыл-есі де өте тез жетіледі.

А. Янушкевич (поляк журналисі).





АТАЛАР АЙТҚАН АСЫЛ СӨЗ

Жақсының аты өлмейді,
Әлімнің хаты өлмейді.

Бұхар Қалқаманұлы.

Орыстың ғылымы, өнері — дүниенің кілті. Оны білгенге дүние арзанырақ түседі... Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да — бәрі орыста тұр. Олар дүниенің тілін білді... Сен оның тілін білсең — көкірек көзің ашылады.

Абай.

Су түбінде асыл тас,
Жел толқытса шығады,
Ой түбінде асыл сөз,
Шер толқытса шығады.

Асан Қайғы.

Ақылмен ойлап тапқан сөз
Дарымас бойға, сырғанар.
Жүректен толқып шыққан сөз
Бар тамырыңды қуалар.

Абай.

Сөздің саласын табу қиын емес,
анасын табу қиын.

Жамбыл.

Өлді деуге сия ма, ойландаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған.

Абай.

Жырыңды досың болса, күлдіріп айт,
Жау болса, жау тигендей бүлдіріп айт.
Жыр деген біреуге оқ, біреуге бал,
Дәл тиген ақ берендей жұлдырып айт.

Жамбыл.

...Сөзі тәтті мағынасы түзу келсе,
Оған кімнің ұнасар таласуы.

Абай.

Таза мінсіз асыл тас,
Су түбінде жатады.
Таза мінсіз асыл сөз,
Ой түбінде жатады.

Асан Қайғы.

Сөйлеуге сөз таптым да,
Тыңдауға құлақ таппадым.

Тұрмағамбет Ізтілеуов.

Ғылымым жұрттан асты деп,
Кеңессіз сөз бастама.
Жеңемін деп біреуді,
Өтірік сөзбен қостама.

Асан Қайғы.

Сарасынан кез келсе, өлең, білім,
Қорлайды қандай ақымақ дүние гүлін.

Жазалы ешкім қалмас деп ойладым,
Сөйлегенде тәңірдің берген тілін.

Ә. Тәңірбергенов.

Асыл сөзді іздесең,
Абайды оқы, ерінбе.
Адамдықты көздесең,
Жад тоқып ал көңілге.

Торайғыров.

Қуаты күшті, нұрлы сөз,
Қуатын білген абайлар.

Абай.

Гауһар көзде болады,
Сөз асылы сөзде болады.
Жаман жігіт езбе болады.

Сүйінбай.

Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,
Ол — ақынның білімсіз бишарасы.

Абай.

Тал жібектей таза сөз
Еш жерінді жырмайды.
Жағдайсыз сөздің мысалы,
Шеңгелше етек тырнайды.

Тұрмағамбет Ізтілеуов.

Жапалақ, құс болғанмен, неге дәрі,
Жаманның кісілікке бар ма сәні?
Жаманға айтқан сөзің еш қонбайды,
Ағады құлағынан сөздің бәрі.

Балуан Шолақ Баймырзаұлы.

Бөз — көйлек болады,
Сөз — еңбек болады.

Тұрмағамбет Ізтілеуов.

Шешеннің тілі — шебердің бізі.

Абай.

Шешеннің сөз шығады таңдайынан.

Біржан Қожағұлұлы.

Ойласан, мың бір пәле тілден туған,
Шешендер топ ішінде тілді бұған.
Бір адам қателікпен сөз сөйлесе,
Жабылып мың бір пәле соны құған.

Шал Құлекеұлы.

Өмірде құны ескірмес,
Бағасы құнды асыл сөз.

Сүйінбай Аронұлы.

Буынсыз тілін,
Буулы сөзін
Әсерлі адам ұғылына.

Абай.

Орынды жерде сөйлесем,
Қызыл тілім дөңгелер.

Қашаған Құржіманұлы.

Қарны тоқ қаса надан ұқпас сөзді,
Сөзді ұғар көкірегі болса көзді.

Абай.

Жақсы сөзді ел жаттар,
Ел жаттар сөзде салмақ бар.

Жамбыл.

Жақсының сөзі майдадай,
Жаманның сөзі найзадай.

Қашаған Құржіманұлы.

Адал жүріп шын сөйле,
Асығың түсер алшыдан.

Ақтан Керейұлы.

Сөз — жібек жіп, жыр — кесте,
Айшығы айқын көрінбес
Өрнексіз қылып баттаса.

Дулат Бабатайұлы.

Иманы бардың белгісі — тілінен тамар шырасы.

Шортанбай Қанайұлы.

Жақсы сөз бейне шамшырақ.
Орнаған мықтап көңілге.

Жамбыл.

Шын жақсыда тарлық жоқ,
Әділ сөзде зорлық жоқ.

Сүйінбай Аронұлы.

Үлгісіз сөз болмайды,
Мақтасыз бөз болмайды.
Сөз ұғарлық ер болса,
Айтылмас шын сөз болмайды.
Алтындай асыл сөзіңді
Қадіріне жетіп бағалап,
Тындайтын кез болмайды.

Бұқар Қалқаманұлы.

Жақынның сөзі тәтті деп,
Жақыным айтты дей көрме.
Надандықпен кім айтса,
Ондай түссіз сөзге ерме.

Абай.

Сайра-сайра, қызыл тіл,
Елдің ақта тұзын, тіл.

Сен бармайтын жер бар ма,
Телеграмнан ұзын тіл,
Қоғам үшін сайра, тіл,
Жауға қылыш қайра, тіл.
Халқым көрсін пайда, тіл,
Заула, заула, заула, тіл,
Халқымның көңілін аула, тіл,
Көргенінді көзге айт,
Жалтақ болмай дауда, тіл.

Кенен Әзірбаев.

Белгі болмаса, жол бұзылады,
Білім болмаса, сөз бұзылады.

*Махмұд Қашғаридан.
(XI ғасыр, түркі ғалымы)*

* * *

Сөз ішінде біз табар —
Жалын да бар, мұз да бар.
У сойқы бар, у да бар,
Балмен қатар тұз да бар.

*Әбу Шүкір.
(X ғасыр, 916 ж. т. азерб. ақыны).*

* * *

Ащы айтсаң да, әділ айтқын кезінде,
Ақылдылар шамданбайды сөзіңе.

Қаһани (1121—1199 азерб. ақыны).

* * *

Тіл түйгенді тіс шеше алмайды.

*Махмұд Қашғаридан.
(XI ғ. түркі ғалымы)*

Ие болған сөзің — құлын,
Ие болмаған сөзің — пірің.

Хафиз.

(1325—1389 не 1390, парсы ақыны).

* * *

Данышпанның сөзі дәулеттен артық.

Сахиб Жамал.

* * *

Әдеп алды — тіл.

Махмуд Қашғаридан.

* * *

Сен туралы жұрт жақсы сөз айтсын десен,
Жұрт туралы өзің де жақсы сөз айт.

Наушаруан (VI ғасыр)

* * *

Жалған сөз жара тәрізді,
Қанша жазылғанмен нышаны қалады.

С. Сарай (XIV ғас. түркі ақыны).

* * *

Тіріні көрге салар да — сөз,
Өліні тірілте алар да — сөз,

Науаи (1144—1501, өзбек ақыны).

* * *

Жүректен шыққан сөз жүрекке жол табар.

Низами (1140—1203, азерб. ақыны).

* * *

Адамның хайуанаттан артықшылығы — тілі. Ал оны орынды қолдана алмаған адам хайуаннан бетер.

Сағди (тәжік-парсы ақыны).





АНА ТІЛІН АРДАҚТАЙЫҚ

Ана тілі — мәдени өрлеудің аса зор тегершігі.

Н. Я. Марр.

...Сүйемін туған тілді, анам тілін,
Бесікте жатқанымда-ақ берген білім.
Ең алғаш сол тілменен сыртқа шықты,
Сүйгенім, ұнатқаным, жек көргенім.

С. Торайғыров.

Ей, туған тіл! Ата-анамның бал тілі!
Көп нәрсе ұқтым дүниеден туған тілім арқылы.
Анам алғаш осы тілде бесік жырын жырлаған,
Ұзақ түндер анам айтқан ертегілер тыңдағам.
Ей, туған тіл! Ертелі-кеш қуатынмен өзіңнің,
Қаршадайдан шаттығымды, қайғымды да сезіндім.
Ей, туған тіл! Туған тілде тілек айттым мың рет,
Ата-анамды, мен пақырды жарылқа деп, құдірет!

Ғ. Тоқай.

Өзге тіл емдер басқаларынды,
Мен онымен айта алмаймын әнімді.
Егер тілім ертең болса құрымақ,
Мен дайынмын өлуге де бүгін-ақ.

Р. Ғамзатов.

Әндетіп шалқып, қияға сүйреп,
Ашыла түсер көңілдің күні.
Өзің де үйрен, балаңа үйрет
Абайдың тілін, Жамбылдың тілін.

К. Алтайский.

Дей алмас қайдан әкелді,
Бар тілден үйрен білімді.
Ұмытсаң-дағы бөтенді,
Ұмытпа ана тіліңді.
Өз тілің өскен өркенің,
Ананың берген ақ сүті,
Мақтаның ұлттық ол сенің.

А. Тоқмағамбетов.

Жүзімнің нәрлі, нәзік сабағындай,
Тіліңді мәпелей біл ала қылмай,
Аямай арам шөбін отап отыр,
Таза сақтап көзіңнің жанарындай.

М. Рыльский (Украин ақыны).

Туған тілім — тірлігімнің айғағы,
Тілім барда айтылар сыр ойдағы.
Өссе тілім, мен де бірге өсемін,
Өшсе тілім, мен де бірге өшемін.
Тілсіз хайуан — бишара
Бишараға не шара?!

Ә. Тәжібаев.

Ана тілін білмеген,
Ақылы жоқ желікбас.
Ана тілін сүймеген
Халқын сүйіп жарытпас.

Б. Сарногаев (қырғыз ақыны).

Қанша жұрт тілін үйренсең,
Со ғұрлы ана тілің шат.
Үйреніп жирен, жиренсең,
Өнерді дейді білу шарт.

Ұқпасам өз тіл — анамды,
Ұлыңмын деуім мәңгілік.
Сәуле боп тұрса санамда,
Әлди үні мәңгілік.

Білмесін-білсін түсімнен,
Ұқпасын-ұқсын түрімнен.
Танысын дүние ісімнен,
Танысын туған тілімнен.

Ж. Молдағалиев.

Ана тілің, біліп қой,
Еркіндігің, теңдігің.
Ана тілің, біліп қой,
Мақтанышың, елдігің.

Ана тілің — арың бұл,
Ұятың боп тұр бетте.
Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тіліңді құрметте.

Қ. Мырзалиев.

Ана тілі —
Анаңның құнар сүті ғой,
Ғұмыр бойы сен еметін.
Ана тілі —
Халқымыздың ырыс — құты ғой,
Игілікке кенелетін.

М. Әлімбаев.

Туған тілде сыры терең жаным бар,
Туған тілде мың-мың ыстық қаным бар.
Туған тілде әнім менен сәнім бар!
Туған тілім,— жүрек үнім, наныңдар!
Нанбасаңдар,
Жүрегімді суырып-ақ алыңдар.

Д. Әбілев.

Аяулы, абыройлы ана тілім,
Өстім мен саясында қанатыңның.
Кетіпті ғазиз ана сені сыйлап,
Жыр болып көкірегімде жанатұғын.

М. Әлімбаев.

СӨЗ ТУРАЛЫ

Сөз қандай бай, білем соның қаншасын,
Жатып тұрып санадым.
Әр біреуін қолыма ұстап үңіле,
Асыл тасша қарадым.
Сыңғырлайды соғыстырсам металдай,
Секілді қару-жарағым.
Осылар ғой сақтаған
Намысын ата-ананың.
Таңдап алып отырмын,
Таңдантуға жарарын.
Жалын атсын мынасы,
Жанған өрттің бояуын алып жағамын.
Ал мынаның арттыру үшін құдіретін
Құздағы мұзға саламын.
Жан бермей ме, әл кірмей ме жырыма,
Таба білсем осылардың қалауын?

Ә. Тәжібаев.

Өз анасын сыйламаған, ұқпаған,
Өзгені де ондырар деп ойламан.

Мен анамды ұғындым деп мақтанам,
Тілін білдім, жырын білдім сақтаған

Балам менің, бұл сөзіме бағарсың,
Жанар кезде өзің де от боп жанарсың.
Менің қазақ жүрегімді ал, тілімді ұқ,
Ал басқасын өзің де іздеп табарсың.

Т. Молдағалиев.

Қызыл шоктай қарыған,
Қазаққа тіл дарыған.
Бір сөзге ол семіріп,
Бір сөзден ол арыған.

Сипақтама, терлеме,
Сөйле, көне, ұшындыр.
Тілді бізге бермеген,
Тістеп жүру үшін кұр?

Қ. Мырзалиев.

ОРЫС ТІЛІ

Орыс тілі, төңкерістің тілісің,
Сондықтан сен жалындысың, жылысың.
Төңкерісті тудырған тіл, туған ел,
Мәңгі сөнбес көңілімнің күнісің,

Орыс тілі, Лениннің сен тілісің,
Сондықтан да жүрегіме жылысың.
Осы тілде Ленин алғаш жырлаған,
Бар халыққа бостандықтың ұлы ісін.

Осы тілде бақыт хаты жазылған.
Осы тілде Ленин аты жазылған.
Осы тілде ұлы Ленин қолымен,
Адамзатқа махаббаты жазылған.

Осы бір тіл тіпті енді туысқан,
Орыс ағам жақын маған туыстан.
Қазақ тілі, орыс тілі — егіз тіл,
Өз тілімдей баламменен ұғысқан.

Ө. Тұрманжанов.

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Орта жолда бүріп тастап оқ құзғын,
Құлап жаттым құшағында көк мұздың.
Қасіретімді қазақ тілін қанат қып,
Төрт бұрышты дүниеге жеткіздім.

Көкірегінен атылса да оқ күздің,
Жаз етіп мен күздің өзін өткіздім.
Шаттығымды қазақ тілін қанат қып,
Төрт бұрышты дүниеге жеткіздім.

Сол тілменен дүниені аттадым,
Таптым бүкіл тіршіліктің атауын.
Жатты онда уыз сүті ананың,
Жатты онда аманаты ананың.

Сол тілменен махаббатқа тіл қаттым,
Сол тілменен талай гүлді жырлаттым.
Сол тілменен сәбилерді сөйлетіп,
Талайлардың көз жастарын құрғаттым.

Сол тілменен аспан көрдім, жер көрдім,
Сол тілменен көгершінге жем бердім.
Сол тілменен дүниеден кетемін,
Сол тілменен дүниеге мен келдім.

С. Мәуленов.



МАҚАЛ — СӨЗДІҢ МАРЖАНЫ

*(Тіл, сөз өнері жайында мақал-мәтелдер)**

Ана тіл — дана тіл.

* * *

Жүк ауырын нар көтерер,
Сөз ауырын ер көтерер.

* * *

Адамға келетін он пайданың тоғызы — тілден.

* * *

Аталы сөз — баталы сөз.

* * *

Аяғы жаман төрді былғар,
Аузы жаман елді былғар.

* * *

Аталар сөзі — ақылдың көзі.

* Бұл тарауда дүние жүзі халықтары мақал-мәтелдерінен де алынған мысалдар бар.

Аузына әлі жетпегеннің
Қолында масқарасы бар.

* * *

Адам аласынан, сөз аласы жаман,
От шаласынан, сөз шаласы жаман.

* * *

Айтылған сөздің құдіреті — ақиқатта.

* * *

Айтылған сөздің бәрі асыл емес.

* * *

Ат жүйрігі асқа,
Тіл жүйрігі басқа.

* * *

Ашуың келсе, қолың тарт,
Айтпас жерде тілің тарт.

* * *

Адам көңілінен азады,
Тілінен жазады.

* * *

Ақылдының сөзі қысқа
Айта қалса — нұсқа.

* * *

Ай ортақ, күн ортақ,
Шебердің қолы ортақ,
Шешеннің тілі ортақ.

Ауруда шаншу жаман,
Сөзде қаңқу жаман.

* * *

Айтушы ақылды болса,
Тыңдаушы дана болады.

* * *

Аузында әзілі жоқтың қолында — шоқпар.

* * *

Адамның даналығы — сөзінің қысқалығы.

* * *

Аталы сөзге
Арсыз жауап қайырар.
Ақ пен қараны
Шындық айырар.

* * *

Аяқтыға жол бермеген,
Ауыздыға сөз бермеген.

* * *

Ақпа құлаққа айтқан сөз ағып кетеді,
Кұйма құлаққа айтқан сөзді құйып алады.

* * *

Адам сөйлескенше,
Жылқы кісінескенше.

* * *

Адам бір сөйлескенде — жылан,
Екінші сөйлескенде — құлан,
Үшінші сөйлескенде — адам.

* * *

Артық тұз асқа залал,
Артық сөз басқа залал.

* * *

Ат жүйрігі айырады,
Тіл жүйрігі қайырады.

* * *

Ақымақ сөйлегенде, ақылды тоқтайды.

* * *

Ата ұлы аталықты сөзін айтар,
Жетесіз жолдас болса кері қайтар.
Қасына серік болып ере қалсаң,
Дұшпанға құпиялап сырынды айтар.

* * *

Ақылы жоқ адамға
Адырайған көз бітер.
Дуасы жоқ ауызға,
Сылдыраған сөз бітер.

* * *

Ауызға келген сөз арзан,
Ауылға келген бөз арзан.

* * *

Алмас қылыш майданда серік,
Асыл сөз майданда да, сайранда да серік.

* * *

Ақ сөз ащы болады.

* * *

Арқанның ұзыны, сөздің қысқасы жақсы.

* * *

Аярдың тілі тәтті, діні қатты.

* * *

Аялап айтқан ақыл сөз,
Аяулы нәрсе бергендей.
Қадалып айтқан қатты сөз,
Қолға кірген шеңгелдей.

* * *

Артқы түйе тартыншак,
Тартына сөйле, келіншек.
Алдыңғы түйең именшек,
Имене сөйле, келіншек.

* * *

Айтпас жерде тілінді тарт.

* * *

Аты әлемге сөзі күлемге кетті.

* * *

Ата тілін алмаған — аман болып көп жүрмес.

* * *

Асыл сөз гауһардан қымбат.

* * *

Ауыл баққан жігіттің аңдығаны сөз болар,
Малын баққан жігіттің байтабасы бөз болар,

* * *

Ана сүті бой өсіреді.
Ана тілі ой өсіреді.

* * *

Ауыздан шыққанды атпен қуып ұстай алмайсың.

* * *

Ашық айтам деп, асық айтпа,
Тауып айтам деп, қауып айтпа.

* * *

Алажағым кетсе де,
Айтажағым кетпесін.

* * *

Ақылдан ақсаған, тілден тосырқайды.

* * *

Адам — ақыл патшасы,
Мақал — сөз патшасы.

* * *

Адам тілінен байланады,
Сиыр мүйізінен байланады.

* * *

Адам тілінен жазалы,
Мал мүйізінен жазалы.

* * *

Ақылсыздың сөзі дәмсіз.

* * *

Айту жеңіл — сендіру қиын.
Айтар нақылы жоқтың табар ақылы жоқ.

* * *

Андамай сөйлеген ауырмай өледі.

* * *

Айтылған сөз — атылған оқ.

* * *

Айта білмес ауыздан, тыңдай білген құлақ артық.

* * *

Аталы сөзге арсыз жауап қайырады.

* * *

Ауыз — дарбаза, сөз — самал.

* * *

Аузың — қақпа, сөзің — жел.

* * *

Аяр әйел көзінен,
Ақылды әйел сөзінен белгілі.

* * *

Әшейінде ауыз жаппас,
Той дегенде өлең таппас.

* * *

Әлсіздің тілі ащы,

* * *

Әзіл айтқанға әділ айт.

* * *

Әуелгі сөзін рас болса,
Соңғы сөзіннің өтіміне жақсы.

* * *

Әр сөздің орны басқа.

* * *

Әкесі тұрып ұлы сөйлегеннен без,
Шешесі тұрып қызы сөйлегеннен без.

* * *

Әкесі тұрып ұлы сөйлесе, ер жеткені,
Шешесі тұрып қызы сөйлесе, бойжеткені.

* * *

Әдемі сөйле, бірақ, әсіреқызыл болмасын.

* * *

Білгенге — жыр,
Білмегенге — «дыр».

* * *

Білімдіден шыққан сөз,
Талаптыға болсын кез.

* * *

Біреудің сөзі әдемі,
Біреудің көзі әдемі.

* * *

Басқы пәле — тілден.

* * *

Бал тамған тілден у тамар.

* * *

Біреудің ат көтертпес бөзі бар,
Біреудің ат көтермес сөзі бар.

* * *

Бас кеспек бар,
Тіл кеспек жоқ.

* * *

Бұлттан шыққан күн ащы,
Жаман адамның тілі ащы.

* * *

Батыр жауда озады,
Шешен дауда озады.

* * *

Бабадан сөз қалады,
Әкеден көз қалады.

* * *

Бір елі ауызға екі елі қақпақ.

* * *

Бұрынғының айтқаны бұрыс кетпес.

* * *

Білім кілті — тіл.

* * *

Бедері жоқ қамқадан,
Бек тоқыған бөз жақсы.
Беделі жоқ адамнан,
Бек сөйлескен сөз жақсы.

* * *

Бала тілі балдан тәтті.

* * *

Бір тәуекел бұзады,
Мың қайғының қаласын.
Бір жақсы сөз бітірер,
Мың көңілдің жарасын.

* * *

Бір сөз бар, керегі бар,
Бір сөз бар, кебегі бар,

* * *

Бірмен сырлас, мыңмен кеңес.

* * *

Бұтақсыз ағаш июге жақсы,
Бұлтақсыз сөз түйеге жақсы.

* * *

Дәлдеп атып жауды өлтір,
Дәлдеп айтып дауды өлтір.

* * *

Дәлелсіз сөз — дәрменсіз.

* * *

Дүмбілез сөзіне дүмбілез жауап аласың.

* * *

Дау шешеннен қорқады,
Шешен мылжыңнан қорқады.

* * *

Дауды шешен бітірмейді,
Шебер бітіреді.

* * *

Ердің өзіне қарама, сөзіне қара.

* * *

Етегің ұзын болса аяғыңды орайды,
Тілің ұзын болса басыңды орайды,

• * •

Ел қазынасы — ескі сөз,
Ел шырағы — екі көз.

* * *

Есті сөз есінетпейді.

* * *

Ескі сөз — жаңа сөздің қазығы.

* * *

Еттен өткен таяқтан,
Сүйектен өткен сөз жаман.

* * *

Епті сөз ине сабақтайды.

* * *

Еркектің мылжыңы жаман,
Әйелдің ыржыңы жаман.

* * *

Еппен сөйлегеннің ерні ауырмайды.

* * *

Екі адам сөйлескен жерге барма,
Үш адам сөйлескен жерден қалма.

• * •

Ел иесіз болмайды,
Сөз жүйесіз болмайды.

* * *

Жылылық күннің көзінде,
Даналық Ленин сөзінде.

* * *

Жақсының өзі өлсе де, сөзі өлмейді.

* * *

Жақсы байқап сөйлер,
Жаман шайқап сөйлер.

* * *

Жүздің көркі — көз,
Тілдің көркі — сөз.

* * *

Жақсымен сөйлессең қуанасың,
Жаманмен сөйлессең мұңаясың.

* * *

Жүйелі сөз жүйесін табады,
Жүйесіз сөз иесін табады.

* * *

Жау жеңетін жігітін,
Жарағынан танылған.
Дау жеңетін жігітін,
Талабынан танылған.

* * *

Жаманда жаман —
Сөз барымтасы жаман.

* * *

Жақ айырып сөз шығар,
Жер айырып көк шығар.

* * *

Жігіт көркі — сақал,
Базар көркі — бақал,
Сөздің көркі — мақал.

* * *

Жаман қауып айтады,
Жақсы тауып айтады.

* * *

Жақсы сөз сылаудай сіңеді.

* * *

Жұтаң көңілден жұпыны сөз шығады.

* * *

Жөн сөз жүйесін тапса,
Мал несін табады.

* * *

Жүздің бірі — көсем,
Мыңның бірі — шешен.

* * *

Жақсы сөз — жарым ырыс.

* * *

Жүре білмеген жол бұзады,
Сөйлей білмеген сөз бұзады.

* * *

Жаманның тілі ащы.

* * *

Жылы-жылы сөйлесен,
Жылан інінен шығады.

* * *

Жақсыға айтқан тура сөз,
Шыңға тіккен тумен тең.
Жаманға айтқан қайран сөз,
Құмға төккен сумен тең.

* * *

Жеті күн толғансаң да жеткізіп айт.

* * *

Жақсы адам — елдің тынысы,
Жақсы сөз жанның тынысы.

* * *

Жаманмен егескенше,
Жақсымен кеңес.

Жақсы сөз нәрлендіреді,
Жақсы дос әлдендіреді.

* * *

Жаман сөз жанға кірген тікен.

* * *

Жаман сөз жатпайды.

* * *

Жаным десе, жан семіреді.

* * *

Жауынның көптігі жерді құртады,
Сөздің көптігі ерді құртады.

* * *

Жыланның тілі айыр,
Жылан мінезді адамның сөзі айыр.

* * *

Жақсының айтқан ақылы,
Алуа, шекер, балмен тең.

* * *

Тілсіздің дауы арам.

* * *

Ине көзінен сынады,
Шешен сөзінен сынады.

* * *

Көп сөзді ұғып болмас,
Қатты тасты үгіп болмас.

* * *

Көп сөз — көбік,
Аз сөз — азық.

* * *

Көз жеткізер, көз жеткізбегенді
Сөз жеткізер.

* * *

Көрікті ойдан — көркем сөз,

* * *

Кісесіне қарай жезі,
Кісісіне қарай сөзі.

* * *

Көп сөйлеген дөп сөйлемейді.

* * *

Кемеңгерге де кеңес керек.

* * *

Көңіл көзін сөз ашар.

* * *

Көре-көре көсем боларсын,
Сөйлей-сөйлей шешен боларсын.

* * *

Көпті көрген көсем,
Дөп сөйлеген шешен.

* * *

Көп сөз — көмір,
Аз сөз — алтын.

* * *

Көңіл көзін сөз ашар,
Сөйлемесе кір болар.

* * *

Көңіл — сандық,
Тіл — кілт.

* * *

Кәрі, кәрінің сөзі — дәрі.

* * *

Көп тындасаң, аз сөйлейсің.

* * *

Көп сөз — есекке де жүк.

* * *

Кісі жақсысы аз сөйлеп көп тындайды,
Жылқы жақсысы аз оттап көп жусайды.

* * *

Кесірлімен кеңеспе,
Керме нықпен егеспе.

* * *

Көп ауыз біріксе, бір ауыз жоқ болар.

* * *

Көптің сөзіне күдік келтірме.

* * *

Кесірлі ауыздан —
Кесепатты сөз.

* * *

Күнде бір сөз есітпесен,
Құлағың қалқандай болады,

* * *

Көзі жаманның — сөзі жаман,

* * *

Кен асылы жерде,
Сөз асылы елде.

* * *

Көне мақал көп жасайды.

* * *

Көп сөйлеген көптен айырылар.

* * *

Көп сөйлеген я жолдасынан,
Я құрдасынан айырылады.

* * *

Көше білмес жамандар,
Көшсе көлік өлтірер.
Сөйлей білмес жамандар
Сөзді өзіне келтірер.

* * *

Көз көргенше,
Ауыз бақыр сөйлеп қалар.

* * *

Қара сөзбен қамыр илеген.

* * *

Құлақтан кірген суық сөз,
Көңілге барып мұз болар.

* * *

Құр судан май шықпайды,
Құр сөзден мән шықпайды.

* * *

Қаһарлы сөз — қамал бұзар.

* * *

Құлыптаулы сандықты,
Тіс ашпаса тіл ашар.

* * *

Қалам — тілдің тілмәші.

* * *

Қорыққанның көзі,
Жалғаншының сөзі білдірер.

* * *

Құнды сөз — құнарлы ойдан.

* * *

Қисық отырсаң да, қисынды сөйле.

* * *

Қызыл тіл — жанның мияты,
Абырой — ердің қуаты.

* * *

Қызыл тіл қыршын басты желге ұшырар

* * *

Қотыр қолдан жұғады,
Пәле тілден жұғады.

* * *

Қолымен косаяқ соққан аузымен орақ орады.

* * *

Қышыған жерден қол кетпес,
Қышытқы жерден сөз кетпес.

* * *

Құрастырып айтса құлдікі жөн,
Біріктіріп айтса бидікі жөн.

* * *

Қиыстырып қаласаң отың жанар,
Қиыстырып айтсаң халық нанар.

* * *

«Қарағым» деген жылы сөз,
Тон болып тәнді жылытпаса да,
Жанды жылытады.

* * *

Кысып сөзде қырсық көп.

* * *

Мақал атасы — сөз,
Мата атасы — бөз.

* * *

Мақал — жемісі,
Мәтел — желісі.

* * *

Мақал сақалдан да үлкен.

* * *

Мақал — сөздің мәйегі.

* * *

Мың сөздің тығынын бір сөз ашады.

* * *

Малды енінен таны,
Адамды сөзінен таны.

* * *

Мақал — сөздің атасы,
Уәде — ердің опасы.

* * *

Мақал — жеміс,
Мәтел — гүл.

* * *

Мысқыл,
Мысқылдың түбі — мушкіл.

* * *

Нақыл — тілдің нәрі,
Мақал — сөздің әрі.

* * *

Найза жарасы тәнді ауыртады,
Тіл жарасы жанды ауыртады.

* * *

Оқ тиген жара жазылар.
От тиген орман оңалар.
Ал сөз жарасынан сауығу қиын болар.

* * *

Ой — бай,
Тіл — саран.

* * *

Орақ ауыз, от тілді.

* * *

Орынсыз сөз өзіңе тиер.

* * *

Орынды сөз — мың жылдық,
Орынсыз сөз — мылжыңдық.

* * *

Ойға тәрік,
Сөзге кәріп.

* * *

Ой — тұлпар,
Сөз — сұңқар.

* * *

Оқып ойынды түзет,
Үйреніп сөзінді түзет.

* * *

Ойнап сұраса да, ойлап жауап бер.

* * *

Ойнап сөйлесен де, ойлап сөйле.

* * *

Ойда түп жоқ,
Сөзде шек жоқ.

* * *

Отыз тістен шыққан сөз,
Отыз рулы елге тарайды.

* * *

Олақтың сөзі орынсыз жамау тәрізді.

* * *

Орынсыз сөз орға жығады.

* * *

Орынды мысқыл — оқтан өткір.

* * *

Өтірік сөз — ұят,
Шын сөз мият.

* * *

Сөзің қисық болса,
Көпке айтып ойлат.
Өткелің терең болса,
Ағаш салып бойлат.

* * *

Өзім — төрде,
Сөзім — өрде.

* * *

Өткір кездік қынға қас,
Өтірік сөз жанға қас.

* * *

Өжет сөз өлімнен құтқарады.

* * *

Өлең — алтын,
Сөз — күміс.

* * *

Өнер алды — қызыл тіл,
Бірден соңғы мергеншіл.

* * *

Өзі қыңырдың сөзі қисық,
Өзі сұйықтың сөзі қисық.

* * *

Бір сөз — мың сөздің қазығы

* * *

Өзі шынашақтай,
Сөзі келісаптай.

* * *

Өзі мүшкіл,
Сөзі ұшқыр.

* * *

Өз тілің өзіңе жау.

* * *

Өтірік сөз өрге баспас.

* * *

Өтірікшінің шын сөзі зая.

* * *

Пышақ жетесінен,
Сөз келтесінен.

* * *

Сиыр соқпақшыл,
Шешен тақпақшыл.

* * *

Соқырдан қарауыл қойсаң,
Еліңді жауға алдырар.
Наданнан би қойдырсаң,
Еліңді дауға қалдырар.

* * *

Сөз білмесең үндеме,
Көптің ішінде отырарсың.

* * *

Сөз өлшеуін білмеген,
Шағалаша шулайды.

* * *

Сөз сиқыры тіл байлар,

* * *

Сөз шығады сұраумен,
Қар өседі қылаумен.

* * *

Сөз тұрақсыз болмайды,
Көл құрақсыз болмайды.

* * *

Сөз де ара сияқты:
Балы да бар,
Зәрі де бар.

* * *

Селебе — сөзге тоқтаған.

* * *

Сүңгі жарасы бітер,
Сөз жарасы бітпес.

* * *

Сөйлегенше — сөзіңе өзің қожа,
Сөйлеген соң — өзіңе сөзің қожа.

* * *

Сөзді созу — жоқты жону.

* * *

Сөз білмеген жұдырық жұмсайды.

* * *

Сөз өнері дертпен тең.

* * *

Сөз беру — бір абырой.
Сөзінде тұру — мың абырой.

* * *

Сөздің түбін сөз түртеді.

* * *

Сөздің атасы — ақыл,
Анасы — тіл.

* * *

Сөздің ақыры — адамның ақылы.

* * *

Сөзді сөзбен ұста,
Қашағанды құрықпен ұста.

* * *

Сөйлеуге сөз таптым да,
Тыңдауға құлақ таппадым.

* * *

Сөздері шырын шешеннің,
Құюлы тұрған қымыздай.

* * *

Сәлем — сөздің анасы.

* * *

Сыйларға асың болмаса да,
Сипарға тілің болсын.

* * *

Сөйлеуге сөз келгенде,
Сөйлемесе атасы өледі.

* * *

Сөзден бал да, у да тамады.

* * *

Сүтке сүт қосылса сүмесін болады,
Сөзге сөз қосылса демесін болады.

* * *

Сөз қысасы қырық жылға дейін кетпейді.

* * *

Сөйлесе білген,
Үйлесе біледі.

* * *

Сөзінді біреу сөйлесе,
Аузың қышып бара ма.

* * *

Сөз — қуат,

* * *

Жылы киім тәнді жылытар,
Жылы сөз жанды жылытар.

* * *

Су сағасы — бұлақ,
Сөз сағасы — құлақ.

* * *

Сөз салыссаң тақылдақ дер,
Сөйлемесең ақымақ дер.

* * *

Сөзінді айт ұққанға,
Айтып-айтпай не керек,
Құлағына мақта тыққанға.

* * *

Сөз бергенге ерме,
Бөз бергенге ер.
Сөз бейнет болар,
Бөз көйлек болар.

* * *

Сөз қуған бәлеге жолығар,
Шаруа қуған қазынаға жолығар.

* * *

Сөйлей білмес жаманның,
Сөзі өтпес бір пышақ.
Сөз білетін адамның,
Әр сөзіне бір тұсақ.

* * *

Суды шым тоқтатар,
Сөзді шын тоқтатар.

* * *

Суды сіңетін жерге құй,
Сөзді ұғатын адамға айт.

* * *

Тілмен тікенді де алады.

* * *

Тіл — көңілдің айнасы.

* * *

Тәуекел тас жарады,
Жаман сөз бас жарады.

* * *

Татуға — тіл, сұлуға — сұқ.

* * *

Тәтті сөз тас балқытады.

* * *

Тілге шешен,
Күшке мешел.

* * *

Тұз астың дәмін келтірсе,
Мақал сөздің сәнін келтіреді.

* * *

Тіліңмен жүгірме,
Біліммен жүгір.

* * *

Тілдің майын тамызып,
Сөздің балын ағызып,
Хас шешендер сөз айтар.

* * *

Түйін-түйін сырыңды,
Түбінде келіп шын ашар.

* * *

Тіл жүйрік емес,
Шын жүйрік.

* * *

Тіл буынсыз, ой түпсіз.

* * *

Піл көтермегенді
Тіл көтереді.

* * *

Тоқсан ауыз сөзде,
Тобықтай түйін бар.

* * *

Тау мен тасты су бұзар,
Адамзатты сөз бұзар.

* * *

Тіл сүйексіз болса да,
Адам сүйегін тебірентер.

* * *

Таз — бақалшыл,
Шешен — мақалшыл.

* * *

Тіл — ерді қабырға салады,
Нарды қазанға салады.

* * *

Темірді қызған кезінде соқ,
Сөзді кезегінде сөйле.

* * *

Тілі бірдің тілегі бар.

* * *

Тура сөздің түбі бір,
Түп атасы Майқы би*.

* * *

Тіл бас жарады,
Бас жармаса, тас жарады.

* * *

Тура айтқан туғанына жақпайды.

* * *

Тура биде туған жоқ,
Туғанды биде иман жоқ.

* * *

Тебірентер сөз темір қақпаны да ашады.

* * *

Тіл жұмсасқанмен зіл жұмсаспа.

* * *

Тындаушысы болмаса сөз жетім.

* * *

Тура сөз темірді тесер,
Жұмсақ сөз қылышты кесер.

* * *

Жұмсақ сөз тас балқытады.

* Майқы би — 12-ғасырдың соңы, 13-ғасырдың бірінші ширегінде өмір сүрген әйгілі шешен.

* * *

Тіл қылыштан өткір.

* * *

Тіл — қылыш, тиімсіз жерде тый,
Тиімді жерде қи.

* * *

Тентекке сөз жаңғырық.
Шапқан атқа жел жаңғырық.

* * *

Тіл астында тіл бар,

* * *

Тіл түйгенді, тіс шеше алмайды.

* * *

Тіл құлпы — тіс.

* * *

Ұтықты сөз — ұтқыр ойдан,

* * *

Үйренген сөзге мен де ортақ.

* * *

Үйде батыр жауға жоқ,
Үйде шешен дауға жоқ.

* * *

Үндемеген үйдей бәледен құтылады.

* * *

Үндемегеннің ойы жүйрік.

* * *

Халық тілі — қайнар бұлақ.

* * *

Шещеннің пайдасы тиер,
Сотқардың найзасы тиер.

* * *

Шешенді мылжың жеңеді,
Тұзды сабын жеңеді.

* * *

Шын би сөзіне қарайды,
Сұм би көзіңе қарайды.

* * *

Шешеннің сөзі мерген,
Шебердің көзі мерген.

* * *

Шебердің қолы ортақ,
Шешеннің тілі ортақ.

* * *

Шебер көптің апасы,
Шешен көптің опасы.

* * *

Шешеннің тілі — шебердің бізі.

* * *

Іріген ауыздан,
Шіріген сөз шығады.

* * *

Ішімдегінің бәрі — тілімде,
Тілімдегінің бәрі — түрімде.





СӨЗ ҚАДІРІ

Өте ертеде бір қадірлі шешен қария келте дүниеден көз жұмарында қасына ұлын шақырып алып:

— Балам, мен ұзамай дүние салам. Әкем қазына қалдырмады дег қамықпа. Ел ішінде қалдырып бара жатқан асыл мұрам бар. Соны іздеп тап, қадірле, қастерле,— дейді. Мұны естіген бала әке мұрасын іздеймін деп табанынан таусылып, ел кезеді, таба алмайды. Ойы он саққа кеткен бала бір күні ел ішіндегі абзал қарияға келеді.

— Әкеңнің сөзі рас, балам. Оның саған қалдырған мұрасы — тіл. Ол шешен адам еді ғой... Бәріміз сөйлеуді сенің әкеңнен үйрендік. Тілден қымбат қазына жоқ,— деп — аталы сөздің шешуін айтыпты.

* * *

Ертеде есерлеу бір патша өмір сүріпті. Оның кем-ке-тігін уәзірі жұртқа білдірмей, жуып-шайып отырады екен. Бір күні патша жат елдік қонақтарды қабылдапты. Ары ойланып, бері ойланып тілдесуге сөз таппай отырған патша көшедегі ит пен мысықты көзі шалып қалыпты да, қонақтарына:— Елдеріңізде ит пен мысық тоқ па?— деп сұрапты. Патшадан мұндай қисынсыз сұрақты күтпеген елшілер бір-біріне қарасып, таңырқасып қалса керек. Сол кезде уәзір:

мен төгіп-төгіп жіберетін ақындар мен жырауларды тыңдап, ілтідей тұнып, балқып кеткен елді қайтерсіз. Сансыз ғашық бір-біріне ынтықтығын жеткізе алмай талай-талай сөз маржанын төгіскен. Сонда да ғашығының шыры тіліне тоя алмай сан арулар арманда өткен өмірден. Іштен шыққан жас нәрестесін аймалаған ананың ұшы-қыры жоқ тебіреністі сөздеріне құлақ тосыңызшы. Іші-бауырыңыз елжіреп, бойыңызға өзгеше бір шат сезім ұялайды, міне, осындай оқиғаларға орай, бұл әлемде тілден шырын еш нәрсе жоқ деп түйдім, тақсыр! Жақсылықтың жаршысы тіл. «Жылы-жылы сөйлесең, жылан да інінен шығады» дейтін сөз де осыдан қалған. Ал енді әлемде жамандық атаулының бәрі де тіл арқылы болады десем, оның да жөні бар. Әр патшалықтың арасында болып жататын жойқын соғыс әбес айтылған жалғыз сөздің құрбаны десем, қайтесіз. Адал достар, асыл жарлар сыпсың, суық сөздің тәлкегіне тап болып, қайта көріспес қалге жетеді десем, қайтесіз. «Жаман адамның тілі ащы» деп тілден тепкі жеген, зардап шеккен жандар айтса керек. Тағамның ащысы тіл деуімнің себебі осы еді. Мен осы әңгімені айтып отырғанның өзінде сіз екі түрлі сезімде болдыңыз. Алғашқыда бабыңызға кеп, балбырап отырғаныңызды көрдім, кейін қабағыңызды қарс жауып, өзіңізден-өзіңіз ширатыла, буырқана түстіңіз. Осы қылығыңыз да менің айтқандарымды қуаттап отырған жоқ па.

Патша құлының дәлелді сөзіне тәнті боп, оны азат еткен екен...



— Тіл, тақсыр.

— Мен саған тағамның тәттісін әкел деп ем ғой, стімедің бе?

— Тағамның тәттісі — осы тақсыр! — дейді құлмізбақпастан.

— Үіі, солай де... Ендеше, тағамның ащысыналып кел! — депті хан құлын масқаралап мазақ етпекімен мысқылдай күліп.

— Құл болады, тақсыр! — деп құл тағзым еді де шығып кетеді. Аздан соң қайта оралып, хан алдна табақ тартады. Ашып қалғанда ханның көзі табақа жатқан тілге түседі, ашудан жарылып кете жаздайы. Зығырданы қайнаған әмірші айқай салған екен.

— Бұл не?

— Тіл, тақсыр.

— Көріп тұрмын, неге тіл деймін?..

— Тақсыр, сабыр етіңіз. Сіз тағамның ащысын әкел дедіңіз. Мен сіздің әміріңізді орындаушы ғанамын. Алдыңызда тұрған тағамның ащысы.

Құлдың мына қылығына қайран қалған патша сәл сабасына түсіп:

— Хо-о-о-ош!.. Мен саған алдымен тағамның тәттісін әкел дедім. Сен тілді әкелдің. Жарайды. Мұның дұрыс екен делік. Сосын мен саған тағамның ащысын әкел дедім. Сен не әкелдің? Тағы да тілді әкелдің емес пе? Бұл қай мазағың?! Әлде өмірмен қош айтысқың келе ме? Әйтпесе айт, мәнісі не мұныңның?

Ханның қаһарлы сөзінің артын тосып тайсалмай тұрған құл бұл оқиғаның мәнісін былай түсіндірген екен.

— Е... мәртебелі әміршім, заманнан заман өткелі дүниядә тілден тәтті нәрсе болмаған. Сап түзеген сансыз батыр оның бал татыған шербетінен сусындап сауыт-сайманын тастап, сандалып кеткен. Қол астындағы пақырларын аяусыз қырып-жойған хан қолындағы қылыш та, сөз күдіретіне төтеп бере алмай сілтенген күйінде тұрып қалған. Пәни жалғанның мән-мағынасын әлуетті сөздер-

мен төгіп-төгіп жіберетін ақындар мен жырауларды тыңдап, ілтідей тұнып, балқып кеткен елді қайтерсіз. Саныз ғашық бір-біріне ынтықтығын жеткізе алмай талай-талай сөз маржанын төгіскен. Сонда да ғашығының шыры тіліне тоя алмай сан арулар арманда өткен өмірден. Іштен шыққан жас нәрестесін аймалаған ананың ұшы-қиыры жоқ тебіреністі сөздеріне құлақ тосыңызшы. Іші-бауырыңыз елжіреп, бойыңызға өзгеше бір шат сезім ұялайды, міне, осындай оқиғаларға орай, бұл әлемде тілден шырын еш нәрсе жоқ деп түйдім, тақсыр! Жақсылықтың жаршысы тіл. «Жылы-жылы сөйлесең, жылан да інінен шығады» дейтін сөз де осыдан қалған. Ал енді әлемде жамандық атаулының бәрі де тіл арқылы болады десем, оның да жөні бар. Әр патшалықтың арасында болып жататын жойқын соғыс әбес айтылған жалғыз сөздің құрбаны десем, қайтесіз. Адал достар, асыл жарлар сыпсың, суық сөздің тәлкегіне тап болып, қайта көріспес қалге жетеді десем, қайтесіз. «Жаман адамның тілі ащы» деп тілден тепкі жеген, зардап шеккен жандар айтса керек. Тағамның ащысы тіл деуімнің себебі осы еді. Мен осы әңгімені айтып отырғанның өзінде сіз екі түрлі сезімде болдыңыз. Алғашқыда бабыңызға кеп, балбырап отырғаныңызды көрдім, кейін қабағыңызды қарс жауып, өзіңізден-өзіңіз ширатыла, буырқана түстіңіз. Осы қылығыңыз да менің айтқандарымды қуаттап отырған жоқ па.

Патша құлының дәлелді сөзіне тәнті боп, оны азат еткен екен...





ТІЛ ӨНЕРІНІҢ КІТАП СӨРЕСІ

(қосымша).

К. Маркс, Ф. Энгельс. Екі томдық таңдамалы шығармалар. 1-2 том, Алматы 1955-1956.

В. И. Ленин. Шығармаларының толық жинағы. Алматы, 1973.

Н. К. Крупская. Ленин — насихатшы және үгітші. Алматы, 1956.

М. И. Калинин. Коммунистік тәрбие туралы. Алматы, 1949

* * *

Абай Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. «Ғылым». 1977.

Жамбыл Жабаев. Шығармалар. 1957.

С. Сейфуллин. Сол жылдарда. 1974.

М. Әуезов. Шығармалары. 12 томдық, 1967-1969.

С. Мұқанов. Таңдамалы шығармалар, 6 томдық. 1955-1958.

Ғ. Мүсірепов. Шығармалар. 5-томдық, 1972-1976.

Ғ. Мұстафин. Таңдамалы шығармалар, 1955.

* * *

Қазақтың мақалдары мен мәтелдері. (Құрастырған *Ө. Тұрманжанов*). Алматы, 1959.

666 мақал мен мәтел. (Орыс тілінен аударған және құрастырған *М. Әлімбаев*). Алматы, 1960.

Мақал — сөздің мәйегі. (Орыс тілінен аударған және құрастырған *М. Әлімбаев*). Алматы, 1963.

Шешендік сөздер (құрастырып, алғы сөзін жазған *Б. Адамбаев*). 1967.

Шығыс халықтарының мақал-мәтелдері. (Орыс тілінен аударған және құрастырған *М. Майшекин*). Алматы, 1968.

- Оріс халқының мақал-мәтелдері, (аударған Ү. Бағаев). Алматы, 1971.
- Абай тілі сөздігі. «Ғылым». 1968.
- Қазқ тілінің түсіндірме сөздігі. «Ғылым» I, II том, 1974-1976.
1. Қеесбаев. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. «Ғылым». 1977.
- С. Мқанов. Шығармалары. 5 томдық. «Жазушы», 1972-1976.
- М. Бйлақаев. Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері. «Қазақстан», 1965.
1. Омаров. Серпін, Алматы, — 1977
- М. Бйлақаев, С. Жанпейісов, М. Томанов, Б. Манасбаев. Қазақ тілінің стилистикасы. «Мектеп» 1974
- З. Ахметов. Өлең сөздің теориясы. «Мектеп». 1973
- М. Базарбаев. Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы. «Қазақстан», 1973.
- Ә. Сатыбалдиев. Рухани қазына. 1965.
- С. Талажанов. Қөркем аударма туралы. 1962.
- Қ. Сағындықов. Көсемнің асыл мұрасы. «Қазақстан». 1970.
- М. Әлімбаев. Өрнекті сөз — ортақ қазына. 1967.
- Т. Әлімқұлов. Жұмбақ жан. 1972.
- Р. Сыздықова. Абай шығармаларының тілі. «Ғылым». 1968.
- Ә. Болғанбаев. Насихатшы шеберлігі жайында. 1972.
- И. Ұйықбаев. Тіл мәдениетінің кейбір мәселелері. 1969.
- К. Негалиева. Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі. «Ғылым». 1977.
- Ө. Айтбаев. Аудармадағы фразеологиялық құбылыс. «Ғылым». 1975.
- Тіл мәдениеті және баспәсөз. Жинақ. «Ғылым», 1972.
- Өрелі өнер. Жинақ. «Ғылым». 1976.
- Сөз өнері. Жинақ. «Ғылым». 1978.
- Е. А. Адамов. Советские ораторы на трибуне. Москва. 1966.
- Г. З. Апресян. Ораторское искусство. Издательство Московского университета. 1972.
- Об ораторском искусстве. Издательство Политической литературы, Москва, 1973.
- В. Л. Воронцов. Симфония разума. «Молодая гвардия». Москва. 1976.



МАЗМҰНЫ

Өнер алды	3
Өмірдің ұлы қаруы	9
Біліміден шыққан сөз	14
Аталар айтқан асыл сөз	20
Ана тілін ардақтайық	28
Мақал — сөздің маржаны (Тіл, сөз өнері жайында мақал-мәтелдер)	34
Сөз қадірі	72
Тіл өнерінің кітап сөресі (қосымша)	76

СЛОВО О СЛОВЕ

(На казахском языке)

Составители: **У. Айтбаев, Н. Уалиев**

Редактор *Р. Рахимбеков*. Рецензент *М. Алимбаев*. Художник
Х. Абду. Худож. редактор *Д. Камитканов*, Техн. редактор
К. Турмбетова. Корректор *С. Ибраева*.

ИБ № 49

Сдано в набор 09.10.78. Подписано к печати 21.11.78. Формат
70×108^{1/32}. Бумага тип. № 2. Гарнитура литературная. Печать
высокая. П. л. 25. Усл. п. л. 3,5. Уч. изд. л. 2,13. УГ18724.
Тираж 12 000 экз. Заказ № 1527. Цена 20 коп.

Издательство «Жалын» Государственного комитета Казахской
ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли,
480003, г. Алма-Ата, ул. Гоголя, 111.

Фабрика книги производственного объединения полиграфических
предприятий «Кітап» Государственного комитета Казахской ССР
по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480046,
г. Алма-Ата, пр. Гагарина, 93.

1979 жылы «Жалын» баспасынан мыа
кітаптар жарық көреді.

С. Бақбергенов. «Он үшінші ойынды».
Повестер

Е. Букетов. «Алты хат». Повестер

М. Мағауин. «Көк кептер» Повестер мен
әңгімелер

А. Сейдімбеков. «Тауға біткен жалбыз»
Әңгімелер мен повестер



11